

Махамбет аудандық мәслихатының 2014 жылғы 24 қазандағы № 235 "Махамбет аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Атырау облысы Махамбет ауданы мәслихатының 2016 жылғы 12 шілдедегі № 39 шешімі

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 7-бабының 5-тармағына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27 бабына сай, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Махамбет аудандық мәслихатының 2014 жылғы 24 қазандағы № 235 ""Махамбет аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3042 санымен тіркелген, шешімінің аудандық "Жайық шұғыласы" газетінің 2014 жылғы 27 қарашадағы № 46 (6151) санды нөмерімен жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім қабылданған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың кезекті
3-сессиясының төрағасы
Аудандық мәслихат хатшысы*

Р. Тұрдағали

М. Мырзашев